Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 182-қосымша

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Дүниетану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**

**1. Түсіндірме жазба**

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін оқушылардың пән салалары бойынша білім және білікті саналы түрде меңгеруіне арналған әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдану, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттерінің тәсілін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлану біліктерін меңгеруге бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері қазіргі мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқыту тәсілі пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдар болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Оқытудың қазіргі кезеңінде оқушы өздігімен білімге ие болу барысында оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Бұл тәсіл пәндік білім, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуіне, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірге шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие

болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесінде өктемшілікке жол бермей, қатысушылардың барлығының ынтымақтастығы үшін өзара қарым-қатынасында алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін.

8. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін шынайы шығармашылық процестегі оқушылардың қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағдарланған оқу жобалау қызметін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттарына қол жеткізу аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пәннің үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

11. Пәннің мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде керек ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттармен және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіруден тұратын оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін тиісті алғышарттар/жағдайлар жасау қажет.

12. Оқу бағдарламасында қалыптастырылған күтілетін нәтижелер оқу пәнінің мазмұнын анықтау негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған.

13. Оқу бағдарламалары мазмұны жағынан оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

14. Оқу бағдарламалары нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына және мектепті бітіргендегі нәтижелерге негізделген тәрбие мен оқытудың біртұтастық қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді.

15. Оқу бағдарламалары пәндік білім және білікті ғана емес, сонымен

қатар, кең ауқымды дағдыларды калыптастыру бағыттылығымен ерекшеленеді. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі төмендегі кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру негізі болып табылады:

1) білімді функционалды және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке жұмыс істей білу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектеп бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

16. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарды талдау және бағалау, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

17. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылық дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

18. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте тұлғалық қасиеттерді дамыту оқушыларға базалық білімді меңгертуге негіз болады:

1) «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландыру негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының мінез-құлқын және күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарлар болуы тиіс.

## 2. «Дүниетану» оқу пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

19. «Дүниетану» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес негізгі және жоғарғы мектепте қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің кіріктірілген пропедевтикалық курсы ретінде әзірленді.

20. «Дүниетану» – адам, табиғат және қоғам, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрайтын кіріктірілген пән. Оқу пәнінің нысандары – адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

21. «Дүниетану» пәні:

1) оқушыларда тұлғалық, қоғамдық және ұлттық сананы, патриотизм мен адамгершілікті қалыптастырады;

2) қоршаған орта туралы ғылыми негіздерді қалыптастырады, тарихи және географиялық тұрғыдан ойлауын дамытуға ықпал етеді;

3) Қазақстанның және бүкіл әлемнің тарихи және қазіргі оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;

4) өткен және қазіргі оқиғалардың тигізетін әсері туралы түсінігін тереңдетеді;

5) өз халқының және өзге халықтардың мәдениетін, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімін қалыптастырады;

6) азаматтық құқықтар мен міндеттерді түсінуіне жағдай жасайды;

7) әлеуметтік ортада қоғамдық мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін сақтай білу маңыздылығын қамтамасыз етеді.

22. «Дүниетану» пәнінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан оқушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара келісілуі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

23. Пәннің міндеттері:

1) оқушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;

2) оқушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

3) оқушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

4) оқушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;

5) оқушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;

6) пәнді оқыту арқылы оқушыларда өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастар қалыптастыру.

## 3. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

24. Оқытудағы құндылықтық-бағдарлық тәсіл – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылықтық-бағдарлық оқу процесі оқушы тұлғасының құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықты бағдарлану – тұлғаның өз әрекетінде бағдар ретінде жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ, оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажет нормаларды, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыруда көрініс табады.

25. Құндылықтар – әлеуметтік қолдауға ие және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен мінез-құлық ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны уәждеудің маңызды факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекеттерді ынталандарады.

26. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының идеялық негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім беру құндылықтары ретінде белгіленді.

27. Тұлғалық-бағдарлық тәсіл. Тұлғалық-бағдарлық тәсілдің мақсаты оқушының психикалық және физиологиялық дамуының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып оқу процесін дараландыру, оқу процесінде тұлғаны үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

28. Іс-әрекеттік тәсіл. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады, ол өз кезегінде білім, оқу біліктері мен дағдыларын және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «талдау», «бағалау», «жинақтау» санаттары бойынша топтастырылған.

29. Саралап оқыту тәсілі. Саралап оқыту тәсілі оқу процесінің білім алушылардың әртүрлі топтары үшін мамандандырылуын, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру мақсатында түрлі топтарда оқыту үшін түрлі жағдайлар жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі оқушылардың түрлі топтарының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Сараланған оқу қызметін ұйымдастыру шарты – күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

30. Коммуникативтік тәсіл. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл екі немесе одан артық адамдардың сөйлесу әрекеті процесінде ақпаратты тарату мен жариялау, білім, білік және дағдылармен алмасуды білдіреді. Тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі коммуникативтік тәсілдің нәтижесі болып табылады, яғни қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана білу және қатынас жағдайына сай тиімді коммуникативті мінез-құлықтың, қатынастың ұқсас жағдайын таңдай отырып, ой бөлісу және алмасу. Коммуникативтік тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қатынас икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіруі тиіс.

31. Ортақ тақырыптар арқылы оқыту. «Дүниетану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының «жақын аймағынан», яғни оның өз іс-

әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс.

32. Ойын арқылы оқыту. Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойынды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ойын технологияларының басты элементтері – ойын алдында оқушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойын құралы болып табылады. Оқушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлау, әртүрлі нәтижелі іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білу, өздігімен іс-әрекетті жоспарлау, мақсатқа жету амалдарын таңдау мүмкіндігі беріледі.

33. Жобалау тәсілі. Оқу жобасы – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Ортақ мақсатымен, келісілген әдістер және іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталады. Бұл әдіс білім алушының өз алдына жеке проблема қойып, оны шешудің өзіндік жолдарын табуымен сипатталады. Бастауыш мектепте жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бірақ, жобалау іс-әрекетінің алгоритмі (жоба – мұғалімнің көмегімен білім алушының маңызды проблеманы шешудегі өзіндік іс-әрекеті) толығымен сақталады. Бөлім мазмұнымен танысу аясында білім алушылардың ұжымдық/топтық жобалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмыстар сабаққа бөлінген сағаттармен ғана шектелмейді, сондықтан сабақтан тыс интеграция да қарастырылады.

34. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі негізгі АКТ-дағдыларда құрылады және технологияларды жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылықпен пайдалана білуден тұрады;

2) оқушылар барлық пәндер бойынша оқу процесінде құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалана отыра, ақпаратты табу, жасау және онымен жұмыс жасай отыра, ынтымақтастықта, мәліметтермен және идеялармен алмаса отыра, өз жұмысын бағалай және жетілдіре отыра АКТ пайдалану дағдыларын дамытады;

35. «Дүниетану» пәні бағдарламасында ол төмендегі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

1) БАҚ және мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

2) ақпаратты дерекқордан және интернеттен іздеу;

3) сандық және Интернет-дереккөздер арқылы алынған ақпараттарды таңдау, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай білу;

4) есептік, мәтіндік және көретін ақпаратты және дерекқормен, оның

ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметтерді қабылдау, іріктеу және жүйелей білу;

5) ақпаратты құрастыруда және өңдеуде АКТ пайдалану;

6) заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану, сонымен қатар, жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру мүмкіндіктерін зерделеу;

36. Сандық ақпараттың икемділігін басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда толығымен пайдалану;

1) электрондық байланысқа, он-лайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы басқа оқушылармен және мұғалімдермен түрлі байланыс арналары бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

2) оқытудың белсенді түрлеріне техникалық қолдау көрсету мақсатында интерактивті тақтаны қолдану;

3) аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

## 4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

37. «Дүниетану» пәнінің оқыту нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

38. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

39. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

40. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

41. Жиынтық бағалау оқытудың белгілі мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық баға қою үшін қолданылады.

## 5. «Дүниетану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

42. Оқу жүктемесін бөлу:

1-кесте

| Сынып | Аптадағы сағат саны | Жылдық сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | 1 | 33 |
| 2 | 1 | 34 |
| 3 | 1 | 34 |
| 4 | 1 | 34 |

43. Оқу пәнінің мазмұны:

1) пән бойынша білім мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері одан әрі жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін күтілетін нәтижелер түріндегі: білік немесе дағды, білім немесе түсініктен тұрады. Әрбір бөлімше ішінде бірізді ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ, оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлар етуге мүмкіндік береді:

2-кесте

| № | Бөлім | Бөлімше |
|---|---|---|
| 1 | Мен және қоғам | 1.1 Мен және менің отбасым |
| | | 1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы |
| | | 1.3 Менің атамекенім |
| | | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік |
| | | 1.5 Құқық және міндет |
| | | 1.6 Мерекелер |
| 2 | Елімнің табиғаты | 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану |
| | | 2.2 Ауа райы және климат |
| | | 2.3 Табиғат жағдайлары және олардың әсері |
| | | 2.4 Туризм |
| 3 | Тарих толқынында | 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер |
| | | 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры |
| | | 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар |
| | | 3.4 Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері |
| | | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм |

2) бағдарламада оқу мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін код енгізілді. Код бойынша бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімшенің, төртінші сан - оқу мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 1.2.1.4 кодировкасында: «1» – сынып, «2.1.» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

44. Оқыту мақсаттарының жүйесі. Оқыту мақсатының мазмұны пәндік сипаттағы білімі мен білігін ғана емес, сонымен қатар оны нақты тәжірибеде қолдануды, АКТ-ны пайдалану, пәнаралық және сабақаралық байланысты іске асыруды, сөйлеу қызметінің түрлерін және коммуникативті дағдыларды дамытуды қарастырады:

1) «Мен және қоғам»:

3-кесте

| Тақырып | 1-сынып | 2-сынып | 3-сынып | 4-сынып |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушы: | | | |
| 1.1 Менің отбасым | 1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттеу негізінде «Отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру;<br><br>1.1.1.2 отбасы | 2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау; | 3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру;<br><br>3.1.1.2 әулет | 4.1.1.1 отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу;<br><br>4.1.1.2 отбасы мүшелерінің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау<br><br>1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара жауапкершіліктің маңызын түсіндіріп, мысал келтіру<br><br>1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру;<br><br>1.1.1.5 тұтыну тауарларына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау | 2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру;<br><br>2.1.1.3 түрлі деректерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау;<br><br>2.1.1.4 бағасы мен сапасы негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың өсу көзін анықтау | шежіресін құрастыру;<br><br>3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау;<br><br>3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу;<br><br>3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну | функционалдық рөлін талдау;<br><br>4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс шығыстарын талдау;<br><br>4.1.1.4 отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдас-тығы | 1.1.2.1 мектептің адам өміріндегі маңызын түсіндіру;<br>1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау;<br>1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру;<br>1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын түсіндіру және күн тәртібін құрастыру;<br>1.1.2.5 тәулік уақыттары мен апта күндерінің атауларын қолдану; | 2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру;<br><br>2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрамын және мүшелерінің қызметін анықтау;<br><br>2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық әдеп-құлық нормаларын түсіндіру;<br><br>2.1.2.4 өз сыныбын сипаттау | 3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну;<br><br>3.1.2.2 түрлі қарым-қатынастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру;<br><br>3.1.2.3 қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру;<br><br>3.1.2.4 өз тәжірибесінен | 4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын түсіндіру;<br><br>4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және оның ұжымының мүшесі ретінде сипаттау | | мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу | |
| 1.3 Менің атамекенім | 1.1.3.1 өз мекен-жайын атау және елді мекеннің географиялық орналасқан жерін сипаттау;<br><br>1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау | 2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұратын жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу;<br><br>2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен, көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету | 3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (саны, көлемі, қызметі);<br><br>3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру | 4.1.3.1 түрлі деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату;<br><br>4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негіздеме отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру |
| 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру;<br>1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру;<br><br>1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру;<br>1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің | 2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау;<br><br>2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, | 3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету;<br><br>3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау; | 4.1.4.1 спорттың әр түріндегі жарақаттану себептерін зерттеу;<br><br>4.1.4.2 спорттың әр түріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну;<br><br>4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортаның қауіп-қатерлерді |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру;<br><br>1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру;<br><br>1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және оларды хабарлау жағдайларын анықтау | 2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін анықтау;<br><br>2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау;<br><br>3.1.4.4 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау | анықтау және бағалау.<br><br>4.1.4.4 жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау |
| 1.5 Құқық және міндет | | 2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті анықтау;<br><br>2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызын түсіндіру | 3.1.5.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру | 4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау;<br><br>4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін мысалдармен келтіру; |
| 1.6 Мерекелер | 1.1.6.1 отбасылық мерекелердің бірін сипаттау | 2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру | 3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну | 4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру |

2) «Елімнің табиғаты»:

4-кесте

| Тақырып | 1-сынып | 2-сынып | 3-сынып | 4-сынып |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану | 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау<br><br>1.2.1.2 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру | 2.2.1.1. тұсбағдардың көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау | 3.2.1.1. астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау;<br><br>3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру | 4.2.1.1. нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау;<br><br>4.2.1.2 глобус пен карталардың қолдану аясын, олардағы негізгі нысандарды көрсете білу;<br><br>4.2.1.3 глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсете білу |
| 2.2 Климат және ауа райы | 1.2.2.1 ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау | 2.2.2.1 ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдау | 3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау;<br><br>3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру | 4.2.2.1 адамзат дамуына климаттың әсерін талдау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау | 2.2.3.1 өз. табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау;<br><br>2.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климаты, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау;<br><br>2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу | 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары);<br><br>3.2.3.2 геологиялық және табиғи климаттық апаттар туындаған жағдайлардағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру | 4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау;<br><br>4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау |
| 2.4 Туризм | 1.2.4.1 туризмнің мәнін түсіндіру;<br><br>1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау | 2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату;<br><br>2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау;<br><br>2.2.4.3 туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау. | 3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау | 4.2.4.1 ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, БАҚ) пайдалана отырып, Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру |

3) «Тарих толқынында»:

5-кесте

| Тақырып | 1 сынып | 2-сынып | 3 сынып | 4-сынып |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
